

## Мемлекет және дін: арақатынасы және қызметтесуі

Өміржанов Е.Т.

*з.э.к., доцент, Сулейман Демирел атындағы университеттің «Құқықтану»  
кафедрасының меңгерушісі*

Еліміздегі діни ағымдардың шектен шығушылығына 11 қазан 2011 жылы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңы қабылданған соң ғана шек қойыла бастағаны көпшілікке аян. Ал сол уақытқа дейін қаншама адам арсыз діни ағымдардың салдарынан зардап шекті, ең бастысы, бұқаралық ақпарат құралдары дінге қатысты мемлекеттік саясатты сынға алғанымен сол дін таратушылардың жеке адам құқықтарын таптап, олардың дем алуға деген құқықтарын бұзғаны, тұрғын үйлерге кіріп олардың меншік құқықтарын аяққа таптағаны жайлы мәліметтерді аз жариялайды.

Жалпы дін туралы сөз қозғағанда барлық нәрсе сияқты оның екі жағы барлығы назарда болуы шарт. Дін қоғамдағы тұрақтылықты, тәртіпті, кішіпейілділік пен мейірімділікті қамтамасыз ете алады, тіпті заң мен дінді қатар алсақ адам үшін маңыздысы дін екендігі даусыз. Себебі, заңды бұзғаны үшін ол мемлекет алдында жауап берсе, дінді бұзғаны үшін құдай алдында жауапты. Сәйкесінше, заңды ешкімге білдірмей бұзуға болса, дінді бұзу ісін құдайдан жасыра алмайсын. Осыдан да болар адамдар үшін діннің маңызы аса зор. Мемлекеттің заң мен дінді ұштастыру тәжірибесі мұсылман елдерінен мәлім, тіпті, өсімге қарыз бермеу қағидасы мұсылман елдерінің қаржылық дағдарысты бастан кешірмеуіне сеп болғанын кезінде бүкіл әлем мойындаған болатын.

Діннің құдыреттілігі сол ол бірге туған бауырлардың әртүрлі дінге бас ұрып, өзара дінге байланысты араздасып, бір-бірін өлтіріп, тұқымын жойып жіберуіне дейін жеткізе алатын құдырет. К.Марк кезінде дінге бас айналдыратын апиын ретінде баға бергендігі тегін емес, құдырет. К.Марк кезінде дінге бас айналдыратын санасын түгел жаулап алған кезде оны басқару дін таратушылар шындығында да дін адамның санасын түгел жаулап алған кезде оны басқару дін таратушылар үшін оңай шаруаға айналады. Әрине, ол елдің аумағына кең тараған дін болса бұл мемлекетті басқару үшін үлкен көмек болар еді. Ал ол басты мақсаты ұлттық мүддемен сай келмейтін деструктивті күштер тарататын дін болса ше?

Жалпы жер бетіне діндердің таралу тарихына көз жүгіртсеңіз олардың басым көпшілігінің тарату аймағында бейбіт түрде жүзеге асырылмағанына куә боласыз, көпшілік жағдайда қан төгілді, кей елдер екіншілердің боданына айналды, ал бодан болғандар біртіндеп күшпен өзге дінге тартылды. Жаулап алушылар жергілікті халықты өз еркіне бағындырудың ең оңай тәсілі ретінде дін таратуды таңдап отырды. Себебі, басқыншылардың діні мен тілін, ділін қабылдаған ұлттар мен ұлыстар біртіндеп азаттық алу идеясынан өз еркімен бас тартатындығы айқын еді. Тарихта отарлаушы мемлекеттер өздеріне қарсы шыққан қандас туыстарды бір-біріне жау ету үшін дінді пайдаланғанын жақсы білеміз, кезінде Үндістанның екіге бөлінуі мұның нақты дәлелі болса алады. Діннің құдыреттілігі сол біте қайнасып жатқан туыстас халық екіге жарылып, бір-бірін аямай қырып, бітіспес жауға айналды. Бұдан кейінгі кездері АҚШ өзіне ұзақ жылдар берілмеген қас дұшпаны Иракты да осы дін арқылы тізе бүктірді, мұнда тіпті бір мұсылман дінінің екі тармағы бір-біріне қарсы қойылды. Яғни бір діндегі адамдардың өзі өзара жау бола алатындығы тәжірибеде дәлелденді, ол үшін тек ақпараттық, қаржылық, идеологиялық қолдау болса жеткілікті. Мұның өзі халықтың әртүрлі ағымдар мен секталарға бой ұруының болашақта сыртқы күштердің қолдауымен үлкен қантөгістерге алып келе алатындығына дәлел бола алады.

Бүгінгі күні де дін тарату ісі әлі жалғасын табуда, әртүрлі мемлекеттер, діни ұйымдар нақты бір аумақтарда өз ықпалын күшейтіп, сол аумақты өз бақылауында ұстау үшін, тіпті бір мемлекеттің аумағын бөліп алу үшін де қаншама қаржы салып, дін тарату ісін жүргізуде. Бұрын мемлекеттің аумағын бөліп алу қара күштің ісі болса, ендігі жерде түрлі қулық сұмдықты игерген жаулап өзге елдерді жаулап алу қара күштің ісі болса, ендігі жерде түрлі қулық сұмдықты игерген жаулап

алушылар өздерінің жаңа аумақтарды игеру бағдарламаларына дінді басты құрал ретінде енгізді. Әсіресе, бұл іс өз діні мен ділінен, тілінен ажырап қалған ұлттар мен ұлыстар тұратын аймақтарда мықтап қолға алынуда. Мұндай аймақтың бірі өзіміздің қазақ елі де азаттық алған жиырма жыл ішінде қаншама діни ағымдар мен секталардың меншікті мекеніне айналып үлгерді. Кезінде атын білмейтін нешеме діни ағымдар мен секталар біртіндеп қазақ қоғамына кірігіп, олардың ортасында өз қауымдастықтарын құрып алды. Бүгінгі күні дінге байланысты сөз қозғалғанда өз құқықтарының жерге тапталғаны жөнінде аттандай жөнелетін де өзге дінге ілескен қандастарымыз екендігі көңілге кірбін ұялатады.

Жетпіс жыл бойы тілі мен ділі, діні аяққа тапталып, ұлттық рухы мұқалып, Яссауидің кім екенін ұмытып дүбәрә күйге түскен қазақ қоғамы үшін бостандықпен бірге демократия, адам құқықтарының абсолюттілігі сияқты ұғымдар қатар келді. Қаншама уақыт құдайдың барлығына діндеріне бас қоя бастады. Бірақ, қазақ халқы үшін сан ғасырлар серік болған Әбу Ханифа негізін салған мектеп жамағаты ендігі жерде ислам деп ата-бабамыздан бізге жақындығы жоқ өзге ұлттардың ұлттық ерекшеліктеріне сай құрылған мектептер мен ағымдарға, секталарға бас ұрды. Діни сауаттың болмауы қарапайым халықты өз бағытынан адастырды, мұсылмандыққа бас ұрды деп елімізде бұрын атын естімеген ислами діни ағымдардың жетегінде кеткен қандастарымыз ендігі жерде бір-бірін жат көріп, ата-бабадан қалған салт-дәстүрлерден жерініп жүр. Тіпті айдын күннің аманында мақсат-мүддесі қазаққа жат діни ұйымның мүшесі болған ұл-қыздар ата-анасы мен бауырларынан безіп, өздерін хақ діннің жолындағы тақуа санап, пайғамбар дәуіріндегі өмірді насихаттап жүргені жасырын емес. Жалпы діннің басты қағидаларының сақталып кейбір мәндік емес формалық тұстарының ұлттың ерекшеліктеріне байланысты бастапқыда дін таратушы ұлт ұсынған сипаттан өзгеріске ұшырауы табиғи құбылыс. Осы тұрғыдан алып қарағанда ғасырлар бойы Әбу Ханифа мектебін басшылыққа алған қазақ қоғамы үшін өзге мектеп өкілдерінің сын айтуы, болмаса ата-бабадан қалған салт-дәстүрлерді жоққа шығаруы үлкен қателік деп тұжырымдауға болады.

Ал кеңестік саясат салдарынан тілі мен ділінен, дінінен толықтай ажырап мөңгүрт қалпына түскен қазақтар болса батыстан келген миссионерлер тарапынан жүргізілген үгіт насихатқа ұйып, бөтен діндер мен секталардың жамағатына айналып үлгерді. Осы жағдайларға саралау жасасак осыншама дін мен діни сектаның елімізде кең қанат жаюына халықтың діни сауатының төмен болуы әсер еткеніне көз жеткізесіз. Дінге қатысты ақ парақ сияқты күйдегі адамдар санасына әртүрлі діни ұйымдар өз жазбасын енгізіп, ендігі жерде елімізде өз жамағаты бар іргелі діни ұйымдарға айналып үлгерді. Қазақ ұлтының ұлт ретінде сақталуының басты шарты оның тілі, ділі мен дінінің біртұтастығы екендігін ескерсек, ендігі жерде ұлттың нақты ата баба ұстанған діни жолға бірігуін қамтамасыз ету басты міндет болып тұр. Қазақстан өз алдына мемлекет болған уақытта елді басқарушылардың діни сауатының төмен болуы, діннің алапат күш екендігін мойындамауы бұл саланың бейберекет, өз алдына дамуына жол ашты. Зайырлылық қағидасына сүйеніп, мемлекеттің дін ісіне араласпауы, дінге бақылау жасамауы Қазақстан сияқты тарихи қалыптасқан дәстүрлі дінінен ажырап қалған ел үшін тиімсіздігін дәлелдеді. Нәтижесінде, қазақ қоғамында бұрын тек теледидардан көретін шаһидттардың орын алуы (Тараздағы оқиға) біздің халықтың да өзге халықтар сияқты дінге беріліп, жекелеген діни ағымдардың жеке мақсаттарының құралына айнала алатындығын дәлелдеді. Бүгінгі күні қазақ қоғамында орын алып жатқан дінмен байланысты түрлі қайшылықтар мен түсініспеушіліктер бұл араға мемлекеттің міндетті түрде араласуын талап етеді. Сондықтан, бетімен кетіп бара жатқан діни ахуалды түзеу үшін бұл мәселеде өзінің өз елінде қожайын екендігін көрсетіп, қатаң саяси ұстанымда болуы тиіс. Бұл жаймашуақ, жайбарақат саясат ұстану халықтың болашағына немкетті қараумен тең. Мемлекет ең алдымен әртүрлі сорақы әрекеттері үшін өзге елдерде жұмыс жасауына тыйым салынған түрлі діни ағымдар мен секталарға байланысты. Егер өзге елдер олардың қызметін өз ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келтіреді деп тапса, олар қалайша біздің халық үшін тиімді жұмыс жасауы мүмкін.

Елімізде дінді жамылып әртүрлі пиғылда жұмыс істейтін ағымдардың қазақ жастарының басын айналдырып, оларды тек берілген бұйрықты орындаушы кейпіне түсіруі, көптеген отбасылардың мүшелерінің әртүрлі діни ағымға кіріп, бір бірінен ажырасып жатуы, қаншама

адамның діни секта мал мүлкін тартып алуы, ең ақыры қаншама адамның террорист ретінде көздерінің жойылып жатуы бізде жүргізілген бейтарап діни саясаттың нәтижесі болып отыр. Кезінде марқұм Жағда абыз біздегі діни саясатты «бір дастархан басына қойдың, иттің, шошканың басын қатар қойып, ал енді тамақтанайық дегенмен тең» деп сипаттаған еді. Шындығында да дін адамдарды бір-бірінен алшақтатады себебі, әр діннің өз мақсаты, өз ұстанымы бар ол өзге діндермен өзара кірігіп кетуді үндемейді. Әртүрлі діндегі адамдардың бейбіт қатар өмір сүруіне мемлекет қана кепіл бола алады. Ал олардың арасындағы араздық шарықтау шегіне жеткенде мемлекеттің өзі де дәрменсіз қалыпқа түсері сөзсіз. Ұзақ уақыт бойы адам қоғамына кіріккен дәстүрлі діндер қан төгуге, төзімсіздікке шақырмайтындығы анық, дегенмен, бір адаммен байланысты өріс алып мақсаты пайда табу, үстемдік орнату, мемлекетті жою сияқты діни ағымдар діни төзімділік мәселесін уақытша пайдаланғанымен кезі келгенде өз мақсаты жолында ашық күреске шығатыны анық.

Еліміздегі діни ахуалды түзеу үшін мемлекет өзінің зайырлылық қағидасынан бас тартпастан дін ісіне белгілі шекте араласу арқылы (11 қазан 2011 жылғы №483-IV «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заң) бұл салада жаңаша модель қалыптастыруға бет алды. Дәл қазіргі жағдайда еліміздегі орын алған жағдай өзіндік қайталанбастығымен ерекшеленеді, сондықтан дін турасында өзге елдердегі нақты бір модельді пайдалану қателікке ұрындыруы мүмкін. Бұл мәселеде мемлекет зайырлылық қағидасы шегінде қазақ ұлтының басын біріктіруші дінге заңмен нақты басымдық бере алмаса да өзінің ұстанған саясатында аталмыш діннің ерекшеліктерін негізге алуы тиіс. Жалпы алғанда көп ұлттылық сипаттағы қазақ еліне үніле қарасақ ондағы халықты ұлттық сипатына қарай екіге бөлуге болады бірі түркі тілдес ұлттар болса екіншісі славян ұлттары, ал қалған ұлттар мен ұлыстар пайыздық өлшеммен алғанда азшылық болғандықтан мемлекет те осы негізгі ұлттардың ұстанатын діндеріне арқа сүйегені абзал. Яғни қанша жерден қарсы тұрып, өз уәжін ортаға саушылар болса да саны басым, мемлекет құраушы қоғам мүшелерінің мүддесі мемлекет үшін алдыңғы орында тұруы тиіс. 11 қазан 2011 жылғы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңның кіріспе бөлігінде мемлекеттің исламдағы ханафи бағытын және православтық христиан діндерінің халықтың рухани және мәдіне өмірін дамытудағы мойындайтындығы жазылды. Дегенмен, бұл аталмыш діндерге ешқандай артықшылық бермейді, бұл осы заңдағы алтыншы бап, діни сараптама мәселесінде айқын көрініс табады, онда діни сараптаманың дінтану саласында нақты білімі бар тұлғалармен, қажет болса мемлекеттік органдар қызметкерлерін немесе өзге мамандарды тарту арқылы жүзеге асырылатыны белгіленген. Біздің ойымызша, діни сараптама жасауда ислами әдебиеттер үшін орталық мешіт мамандары міндетті түрде қатыстырылатыны заңмен бекітілуі тиіс еді. Жалпы еліміздегі ханафи мектебінің маңызын арттыру үшін мемлекет оған жанама болса да қолдау жасауы аса қажет мәселелердің бірі болып саналады. Ол әсіресе орталық мешіт жанынан ханафи мектебінің теориялық байытылуын қамтамасыз етіп, оның ұстанымдарының халыққа насихатталу жолдарын қарастыратын ғылыми зерттеу институтын ашып, осы институт мамандарын діни сараптамаларға тарту, олар жүргізген зерттеулерінің нәтижелерін мемлекеттің діни саясатында негізге алып отыру сияқты мәселеде аса қажет. Нақты бір дінге мемлекет тарапынан жанама түрде басымдық беру өзге діндер мен діни ағымдарды шеттетуді меңземейді, тек мемлекет өз ішкі саясатында тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін тарихи қалыптасқан дәстүрлі дінге арқа сүйеп, сол дінмен диалогқа түсіп отырады. Ал, өзге діндер өз жамағатымен дербес жұмысын жалғастыра берері сөзсіз. Сондықтан, бұл тұста демократия қағидаттарының аяққа тапталуы, адамның діни бостандығының шектелуі жайлы сөз қозғау артықтау болар еді. Себебі, адамның діни бостандығы оған өзі қалаған дінді таңдауға мүмкіндік береді, яғни, кез келген адам өз қалаған дінді қабылдай алады. Бұл тұста ешқандай да өзге дінді қабылдауға тыйым салатын норма қабылданбайды, сәйкесінше адам құқықтары аяққа тапталмайды. Біздің мемлекеттің мемлекетті қалыптастырушы ұлт мүддесіне сәйкес дін мәселесіне араласып, оны өз бақылауына ұстауға тырысуы, сәйкесінше сол дінге қамқорлық көрсетуі оның зайырлылық сипатына қайшы келмейді. Себебі, тарихта өзге зайырлы елдердің халқы ешқашан өз дінінен ажырап біздегі сияқты діни сауапсыздыққа ұрынған жоқ, сол себепті олардағы билік дін ісіне тікелей араласпаса да халықтың дәл біздегідей ахуалға түсуі мүмкін емес еді. Қазіргі діни ахуал турасын тоқталсақ қазақ ұлтының өзі түрлі діндер мен

діни ағымдар жамағатына айналған, дін жағынан бір бірінен алшақтау үстіндегі ұлт қалпына түсіп отыр.

Осы тұста белгілі саясаткер Айдос Сарымның мемлекеттің дін ісіне араласуы турасындағы ойлары да көңілге қонымдылығымен ерекшеленеді, оның пікірінше, «біз халықтың басым көпшілігінің діни сенімін құрайтын Ханафия мазхабы мен православтық бағытқа басымдық беретін мемлекет пен діннің арақатынасын реттеудің клерикальді жүйесіне өткеніміз жөн. Яғни, Ханафия мазхабына қолдау білдіру арқылы еліміздегі мұсылмандардың біртұтастығын сақтап, ал православияны көтермелеумен христиандықтың өзге бағыттарының ілгерлеуін шектеуіміз керек. Бірақ, бұлай бірден кілт бұрылу еліміздің сыртқы имиджіне сөз келтіретіндіктен, біз клерикальді жүйеге өту үшін алдымен конкордото баспалдағын басып өтуді ұсынамыз. Яғни, конкордото жүйесі бойынша мемлекеттік билік дін мәселесінде діни элитаның кеңесіне жүгіне отырып нақты қадамдар жасауға тиісті. Ол үшін қазақ қоғамындағы діни ахуалды терең ұғына алатын төл дін шырақшыларының шоғыры қалыптасуы қажет» (Бас мүфтиге хат / Abai.kz ақпараттық порталы).

Елде діндер мен діни ағымдардың санының ұлғаюы, халықтың дінге байланысты бөлшектенуі мемлекет үшін де, ұлт үшін де, жеке адам үшін жақсылық әкелмейді. Себебі, көп дінді мемлекет азаматтық соғыс, діни жанжалдар, қантөгістер мен қактығыстардың ықтимал орны, мұндай мемлекеттің тыныштығы мен бейбіт өмірі нақты күштердің көңіл күйіне тәуелді болады. Яғни, кез келген уақытта ішкі немесе сыртқы күштер мемлекетті өз дегеніне көндіру үшін әртүрлі китүрқы әрекеттерге баруы мүмкін. Мемлекет қоғамның дамуы мен алға басуына тікелей жауапты, сол себепті, кез келген мәселеде қоғам үшін зияны бар құбылыстардың орын алуын болдырмау үшін ол барын салуы тиіс. Мемлекетті билеуші топ қоғамның тек бүгінгі тыныштығы үшін емес оның болашақтағы бейбіт өмір сүруі үшін қызмет жасауы тиіс.

## **Адам құқықтары мәселесі және дәстүрлі қазақ қоғамындағы билік институты**

**Байжанова Қ.Ө.**

*Заң ғылымдарының кандидаты  
Орталық Азия Университетінің доценті*

Адам құқықтары мәселесін қарастырған кезде оның мазмұнына және жіктелуіне нақты-тарихи тұрғыдан мән беру керек. Халықаралық-құқықтық құжаттар мен құқықтық мемлекеттердің Конституцияларында бекітілген адам құқықтары деп берілетін қазіргі күнгі тізім – қазіргі заманғы демократиялық қоғамның нормасына айналған эталондар мен стандарттардың ұзақ уақыт бойы тарихи қалыптасуының нәтижесі.

Адам құқықтарын, оның генезисі, әлеуметтік түп-тамыры, маңызы – мыңжылдықтар арқылы өткен адамзат дамуының “мәңгі”, әлеуметтік-мәдени мәселелерінің бірі. Бұл мәселе әртүрлі замандарда саяси-құқықтық бола отырып, билік басында отырған топтардың мүдделеріне сай әлеуметтік дамудың кезеңіне сай бірде діни, бірде моральдық, енді бірде философиялық сипат алған еді. Адам құқықтары – күрделі көп қырлы құбылыс, олардың қалыптасуы адам құқықтары мазмұндалған құқықтық нормалардың дамуымен тығыз байланысты.

Ал көшпелі қазақ қоғамында адам құқықтары мәселесі қандай болды деген сұрақ туады. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы әдет-ғұрып құқығының бүкіл қазақ мемлекеттілігі өмір барысында қолданылуы және оның әр кезеңдердегі ерекшеліктері қазіргі таңда мемлекет және құқық тарихының, саяси және құқықтық ілімдер тарихының толыққанды, шыңына жеті зерттелмеген бөлімдерінің бірі.

Қазақ әдет-ғұрып құқығын, көшпелілердің құқықтанымын түсіну үшін ондағы негізгі құқықтық қағидалардың мән-маңызын ескеру қажет. Қазақ әдет-ғұрып құқығының принциптері жөнінде заң ғылымының докторы З.Ж. Кенжалиев: “... Сахара жұртының құқықтық өмірінің басты қағида принципі “Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы” деп әдеп айшықталған еді. Бұл принцип құқықтық өмірдің барлық салалары үшін негізгі қағида болды”